

**ЖШС «Нұрлан-К.А» «Күншуақ» балабақшасының
№ 3 педагогикалық кеңес хаттамасы**

Қаңтар, 2026 жыл

Өтетін орны: Күншуақ балабақшасы

Қатысқандар: меңгеруші Н.Ж.Шильманова, әдіскер Ж.Аманжоловна педагог-психолог Р.А.Әскербекова тәрбиешілер М.Е.Нұржанова, логопед- В.Сайынқызы Ақпараттық технологияларға жауапты педагог Ф.И.Конирбаева

Барлығы 6 адам

Кеңес төрағасы: Шильманова

Хатшы: М.Е.Нұржанова

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Балалардың функционалдық сауаттылығын дамытудағы жаңа әдіс-тәсілдер».
2. «Цифрлық технологияларды мектепке дейінгі ұйымдарда қолдану».
3. «Ерекше білім беру: ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс тәжірибесі».

1-мәселе:

«Балалардың функционалдық сауаттылығын дамытудағы жаңа әдіс-тәсілдер»

Баяндамашы: Проблемалық топ жетекшілері

Тыңдалды:

- Балалардың функционалдық сауаттылығы дегеніміз – алған білімді күнделікті өмірде қолдана білу қабілеті екені түсіндірілді.
- Тәрбиешілер функционалдық сауаттылықты дамытуда ойын технологиялары, дамытушы тапсырмалар, зерттеу әдістерінің маңызына тоқталды.
- Балалардың тілдік, математикалық, әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру жолдары көрсетілді.

Ұсыныстар:

- Функционалдық сауаттылықты дамыту бойынша ай сайын ашық сабақтар ұйымдастырылсын;
- Әдіскер тарапынан әр топ үшін әдістемелік нұсқаулық дайындалсын;
- Тәрбиешілер балалардың күнделікті өмірімен байланысты тапсырмаларды көбірек қолдансын.

2-мәселе:

«Цифрлық технологияларды мектепке дейінгі ұйымдарда қолдану»

Баяндамашы: Әдіскер, Ж.Аманжоловна Ақпараттық технология жауапты педагог Ф.И.Конирбаева

Тыңдалды:

- Білім беру процесіне заманауи цифрлық құралдарды енгізудің маңызы айтылды.
- Интерактивті тақта, мультимедиялық бағдарламалар, бейнематериалдарды қолдану арқылы балалардың қызығушылығы арта түсетіні түсіндірілді.
- Балалардың цифрлық сауаттылығын дамыту жолдары көрсетілді.

Ұсыныстар:

- Әр топта айына бір рет мультимедиялық сабақ өткізілсін;
- Педагогтарға арналған ІТ-құралдарды пайдалану бойынша тренингтер

ұйымдастырылсын;

– Цифрлық технологияларды пайдалану тәжірибесі әдістемелік бұрышта жинақталсын.

3-мәселе:

«Ерекше білім беру: ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс тәжірибесі»

Баяндамашы: Логопед- В.Сайынқызы педагог-психолог-Р.А.Әскербекова

Тыңдалды:

- Ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуына жағдай жасау мәселесі көтерілді.
- Жеке білім беру бағдарламаларының тиімділігі аталды.
- Инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда тәрбиеші, логопед, психологтың бірлескен жұмысы талқыланды.

Ұсыныстар:

- Әр ерекше баланың жеке даму картасы жасалсын;
- Педагогтар арнайы әдістемелік әдебиеттерді пайдалансын;
- Ата-анамен тығыз байланыс орнатылсын.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМДЕР:

1. Функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдер тәрбиешілердің тәжірибесінде тұрақты қолданылсын.
2. Балабақшада цифрлық технологияларды пайдалану жүйелі түрде жолға қойылсын.
3. Ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін жеке даму бағдарламалары әзірленіп, жүзеге асырылсын.

Төраға:
Хатшы:



Н.Ж.Шильманова
М.Е.Нұржанова